

"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 992 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудағы кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасын заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оны "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте ережені әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 3010 және "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 3010 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2019 жылғы 16 қазандағы № 2214 қаулылары жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

М. Жүндібаев

Қостанай
қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 23 мамыр
№ 992 қаулысымен
бекітілді

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылыс саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтармен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 43 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттігі.

14. Міндеттері:

1) құрылыс, қайта жаңарту және қала объектілерін күрделі жөндеу бойынша тұрғын құрылыс бойынша бюджеттік бағдарламаға сәйкес жылдық жобаларды және болашақтағы бағдарламаларды әзірлеу;

2) құрылыс және инженерлік инфрақұрылым объектілерне қайта жаңарту, күрделі жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;

3) Құрылыс, сәулет және қала құрылысы қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу, қаланы тұрақты дамыту.

4) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар мен ұйымдардан конкурс негізінде жұмыстар мен қызметтерді сатып алу,

2) коммуналдық тұрғын үй қорын, ауыл шаруашылық бағытындағы объектілер, су құбырлары, тазалау құрылымдары, жылу және электр желілері және көліктік және инженерлік инфрақұрылымның басқа да объектілерінің құрылысын ұйымдастыру;

3) Қостанай қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерін және құқықтық актілерін әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа да міндеттерді іске асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелерді қала әкімінің және қалалық мәслихаттың қарауына ұсыну және шешу жөнінде ұсыныс енгізуге;

2) қаланың кәсіпорындары, ұйымдары құрылымдары мамандарын қоғамдық конкурстық комиссияға қатысу, тексеру мен сараптама жүргізу үшін олардың басшыларының келісімі бойынша тартуға;

3) өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру кезінде объектілерді және энергетика, құрылыс, индустрия құрылысы, жол, су және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін барып қарауға;

4) өзінің құзіреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан белгіленген тәртіпте қажетті мәліметтер, материалдар мен құжаттар сұратуға және алуға;

5) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қолданыстағы заңнамамен берілген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, құзыреті

17. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

20. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан іс –әрекет етеді;

2) Барлық ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін ұсынады;

3) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектеулерде мүлікке билік етеді;

4) шарттар жасасады;

5) сенімхаттар береді;

6) қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;

7) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі оқу ортаықтарында қызметкерлерінің оқуын және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлері, тағлымдамалар, іс-сапарлар жөніндегі мемлекеттік мекеменің тәртібі мен жоспарын бекітеді;

8) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері үшін міндетті тапсырмалар береді және бұйрықтар шығарады;

9) Әкімдіктің акт жобаларын қабылдауда, ол нормативтік құқықтық акт болып табыла ма әлде Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес нормативтік құқықтық акт болып табыла ма;

10) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және шығарады;

11) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады;

12) "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне орынбасарларды тағайындайды, лауазымдық нұсқаулығына сәйкес оның функционалдық міндеттерін анықтайды;

13) Ережеде және уәкілетті органда оған жүктелген басқа да өкіл жүзеге асырады.

"Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіліктерін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қостанай әкімдігінің қаласы құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасына тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату

25. "Қостанай қаласы әкімдігінің құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.